

*Тірлік пен денсаулық – баста
бағым,
Онан соңғы дәулетім – тіл мен
жағым.*

М. Көпейұлы



**Мəшһүр – Жүсіп Көпейұлы
(1858-1931)**

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (1858—1931), [Павлодар облысы](#) облысы, [Баянауыл ауданында](#) туған) — ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы.

Мәшһүр-Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоймай, көп тілді білген ғұлама.

Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады.

Сонымен бірге, ол күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсады десек те болады. ҚАЗАҚТЫН ЖЕРІ, “Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді...”





Көпеевтің діндарлығы жайлы





Еңбектері

Мәшһүр Жүсіптің үш кітабы: “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Хал-ахуал”, “Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” атты туындылары 1907 жылы [Қазан қаласындағы](#) Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар. [Қамбар батыр](#) батыр”, “[Ер Тарғын](#) батыр”, “Ер Тарғын”, “[Ер Көкше](#)”, “Ер Сайын”, “Нәрік ұлы. “Шора батыр”, т.б. тәрізді батырлар жырында, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Алтынбас-Күмісаяқ” т.т. лиро-эпостық жырларды да, сондай-ақ “Киік”, “Бозторғай”, “Дін үйренетұғын” тәрізді басқа шығармаларды да жинаған. “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Ер Тарғын” жырларын Мәшһүр Жүсіп 1866 жылы 8 жасында-ақ Қамар хазіреттің қолжазбасынан көшіріп алғанын білеміз. Ал “Алтынбас-Күмісаяқ” – 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін жинаған В. Радлов екендігін Мәшһүр Жүсіп көрсетіп кеткендігінің де куәсі болдық. Бұл үлгілерді Мәшһүр Жүсіп В.Радлов жинағынан ала отырып, олардың бәрін қолжазбаның әр жеріне шашыратпай, бір жеріне ғана топтастыра орналастырған. Сондай-ақ, қолжазбалар ішінде “Сайын батыр” жырының көлемі 2000 жолдан тұрады деген де дерек бар.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар.

- ▶ Бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы;
- ▶ Екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі;
- ▶ Үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының әсері;

Хал-ахуал

Жігіттер, жақсы қайда өнер
шашқан, Жүдеген ғаріптердің
көңілін ашқан,
Анау озық, мен кейін қалам ба
деп,
Көз салып бірін бірі шамаласқан?
Сүрініп ат аяғы кетер болса,
Дұшпан түгіл, досың да
табаласқан.
Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып
жатыр, Өтірік, ұрлық, өсек
араласқан.
Өңшең сәуірік, теке мен
бұқашықтар
Бір-бірін сүзіп, жаншып,
жараласқан. Жақсыны өзі болған
көре алмаған,
Өрт қойып жан-жағынан



Тест сұрақтары:

1. Махамбет Өтемісұлының туған жылын белгілеңіз.

- A) 1846 ж.
- B) 1835 ж.
- C) 1904 ж.
- D) 1865 ж.
- E) 1804 ж.

2. «Қырық мысал», «Маса» жинақтарының авторын белгілеңіз.

- A) А.Байтұрсынұлы.
- B) Ш.Құдайбердіұлы.
- C) М.Жұмабаев.
- D) Ж.Аймауытов.
- E) М.Дулатов.

3. «Өткен күндер» жинағының авторын анықтаңыз.

- A) С.Сейфуллин.
- B) Ж.Жабаев.
- C) Ғ.Мүсірепов.
- D) Б.Майлин.
- E) І.Жансүгіров.

4. «Құлагер» поэмасының кейіпкерін көрсетіңіз.

- A) Ақан сері.
- B) Күйші.
- C) Мардан.
- D) Қарашаш.
- E) Мәмбет.

5. М. Мақатаевтың қызмет еткен қаласын табыңыз.

- A) Атырау қаласы.
- B) Алматы қаласы.
- C) Ақтау қаласы.
- D) Павлодар қаласы.
- E) Орал қаласы.

6. Аңыз кейіпкеріне айналған жырауды табыңыз.

- A) Доспамбет.
- B) Жиренше.
- C) Жиёмбет.
- D) Қазтуған.
- E) Асан қайғы.

7. Асанның:

”Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те, қоя бер,” - деген өлеңінде не туралы айтылғанын анықтаңыз.

- A) Дәстүр, салт мәселесі.
- B) Жер мәселесі.
- C) Кешірімділік.
- D) Достық.
- E) Қамқорлық.

8. 19-ғасырда Орыс жағрафиялық қоғамының толық мүшесі болған қазақты анықтаңыз.

- A) Ы. Алтынсарин.
- B) А. Байтұрсынов.
- C) М. Тынышбаев.
- D) Ш. Уәлиханов.
- E) Х. Досмұхамедов.

9. Ы. Алтынсарин ұйымдастырған тұңғыш мектеп қай жылы, қай қалада ашылғанын белгілеңіз.

- A) 1865 ж. Қостанайда.
- B) 1864 ж. Торғайда.
- C) 1865 ж. Орынборда.
- D) 1863 ж. Ырғызда.
- E) 1866 ж. Омбыда.

10. Абайдың бес асыл іс пен бес дұшпанды саралаған өлеңін табыңыз.

- A) «Интернатта оқып жүр».
- B) «Қалың елім, қазағым...»
- C) «Әсемпаз болма әрнеге».
- D) «Жасымда ғылым бар деп...»
- E) «Ғылым таппай мақтанба».

Дұрыс жауаптары:

1. E
2. A
3. A
4. A
5. B
6. E
7. C
8. Д
9. B
10. E

Назарларыңызға рахмет!